Конкурстық құжаттамаға сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі

Сатып алудың нөмірі:	№ 17986049-1
Сатып алудың атауы:	Техникалық сипаттамаға сәйкес газқағарлар сатып алу
Лоттың нөмірі:	№ 88582438-ОИЗ
Лоттың атауы:	Газтұтқыш
Лоттың сипаттауы:	сүзетін
Лоттың қысқаша сипаттауы:	Азаматтық газқағар
Саны, көлемі:	6
Өлшем бірлігі:	Дана
Жеткізу орны:	631010000, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ.
Жеткізу мерзімі:	келісімге қол қойылғаннан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау:	Азаматтық сүзгіш газқағарларға техникалық ерекшелік I. Функционалдық сипаттамалары 1. Азаматтық сүзгіш газқағар қызметі 1. Азаматтық сүзгіш газқағар – азаматтық ересек халықтың тыныс алу органдарын, беті мен көзін ауадағы улы заттардан, бактериологиялық (биологиялық) құралдардан, ауадағы газдар, булар және аэрозольдер түріндегі радиоактивті заттардан, сондай-ақ, күшті улы заттардан, техногендік авариялар мен апаттардан, террористік актілерден, бейбіт және соғыс уақытында жаппай қырып-жою қаруын қолданудан туындаған төтенше жағдайлардың зардаптарынан қорғаудың сүзгі құралы. Азаматтық газқағарлар халықтың химиялық және биологиялық ластану және радиоактивті ластану аудандарынан бірінші кезектегі/эвакуациялық іс-шараларын жүргізу үшін пайдаланылады. 2. Азаматтық газқағарды қолдану шарттары Азаматтық газқағар барлық климаттық белдеулерде ауа температурасы минус 40°С-тан плюс 40°С-қа дейінгі аралықта, қоршаған атмосферадағы оттегінің көлемдік үлесі кемінде 17% болғанда ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 98% - дан аспайтын аралықта қолданылуы тиіс. 3. Стандарттарға сәйкестік (Нормативтік сілтемелер) ҚР СТ 3948-2023 Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдары. Азаматтық сүзгіш газқағарлар. Жалпы техникалық талаптар (техникалық талаптарды қамтиды) (ҚР СТ 3948-2000-да, ҚР СТ 3948-2023-ке «Нормативтік сілтемелер» 2-бағанының ескертпесіне сәйкес, қате жазылғандықтан ауыстырылды); МЕМСТ 12.4.235-2019 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жеке тыныс алу органдарын қорғау құралдары. Газға қарсы және аралас фильтрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері. Таңбалау (газқағар сүзгілеріне қойылатын талаптарды қамтиды); МЕМСТ 12.4.246-2016 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Тыныс алу жолдарын жеке қорғау құралдары. Аэрозольге қарсы сүзгілері. Жалпы сипаттамалар. (аэрозольді сүзу тиімділігінің класын анықтайды); МЕМСТ 8762-75. Газқағарларға арналған диаметрі 40 мм дөңгелек бұрандалар және олардың өлшемдері. Негізгі өлшемдері (масканың сүзгімен бұрандалы қосылуының техникалық сипаттамаларын анықтайды); 4. Әлеуетті жеткізушінің сатып алынған тауарларды жеткізудегі тәжірибесін растау, сондай-ақ, жалған өнімдерді жеткізудің алдын алу үшін жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Ол үшін әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімге келесі құжаттарды қоса тіркеуі тиіс: -«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген ұлттық

режимнен босатуды қолданумен сатып алуға қатысушы конкурстық өтінімнің бөлігі ретінде e-Ondiris порталынан өндірушілер тізілімінен үзінді көшірме ұсынуға және отандық өндіруші мәртебесін растауға міндетті.
- Егер тауар міндетті сертификаттауға жататын болса және міндетті сертификаттауға жататын өнімнің бірыңғай тізбесінде не осындай сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесінде көрсетілсе, сәйкестік сертификаты;
- 2025 жылдан ерте емес берілген жеке қорғану құралдарына зертханалық сынақтар жүргізу саласында аккредиттелген/ аттестатталған ұйымнан оң қорытынды;
- Әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын қолданыстағы патенттер, куәліктер, сертификаттар, басқа да құжаттар не олардың нотариат куәландырған көшірмелері.
- Азаматтық газқағар мен оның құрамдас бөліктерін дайындау үшін қолданылатын шикізат пен материалдардың қолданыстағы заңнаманың санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар не олардың нотариат куәландырған көшірмесі.
Барлық аталған құжаттар түпнұсқада немесе нотариалды куәландырылған көшірмелер түрінде болуы керек.

5. Азаматтық газқағардың жиынтық құрамы
Азаматтық газқағардың жиынтығына келесі бөлшектер кіруі тиіс:
− жиындағы алдыңғы бөлігі, газқағарға кемінде 1 дана;
− аралас сүзгіш (ГСФ), газқағарға кемінде 1 дана;
− азаматтық газқағарды сақтауға және алып жүруге арналған сөмке, газқағарға кемінде 1 дана;
− ҚР СТ 3948-2023 5.1.13 т. сәйкес керек-жарақтары бар көзілдірік шыныларының тұманын азайту құралдары, газқағарға кемінде 1 жиынтық (панорамалық маскалар жинақталмайды);
− пайдалану жөніндегі нұсқаулық, әрбір қаптама орынға кемінде 1 дана;
− партияға немесе партияның бір бөлігіне кемінде 1 дана паспорт;
− астар - бет бөлігінің резеңкесінің ұзақ сақтау барысында деформациялануын болдырмайтын маскаға арналған салма. Панорамалық маскалар астармен жинақталмайды.
II. Жалпы техникалық талаптар
6. Азаматтық газқағарға қойылатын талаптар

1) Әлеуетті өнім беруші ұсынатын азаматтық газқағардың техникалық сипаттамалары ҚР СТ 3948-2023 5.1-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс, оның ішінде:
- Азаматтық газқағар бет бөлігімен және олардың өзара қосылуын көздейтін аралас сүзгімен жабдықталуы тиіс. Азаматтық газқағарлардың барлық құрамдас бөліктерінің бұрандалы қосылыстары МЕМСТ 8762 немесе МЕМСТ 12.4.235 (5.3.2 тармақша) бойынша орындалған бір үлгі өлшемге ие болуы тиіс, яғни, номиналды диаметрі 40 мм және қадамы 4 мм болатын дөңгелек бұранда (осы мемлекетаралық стандартпен бұрандалы қосылыстың нақты параметрлері белгіленген).
Азаматтық газқағарды әртүрлі бұрандасы бар маскалармен және сүзгілермен немесе қосқыш түтікшелері бар маскалар мен сүзгілермен комплектілеуге жол берілмейді.
- Азаматтық газқағарлардың барлық құрамдас бөлшектері улы химиялық заттардың (УХЗ), күшті әсер ететін улы заттардың (КӘУЗ), дегазациялаушы заттардың, сондай-ақ, әзірлеуші немесе өндіруші ұсынған дезинфекциялаушы және жуғыш құралдардың әсеріне төзімді материалдардан жасалуы тиіс.
- Көлемдік шығыны 30 дм³/мин болған кезде ауа ағынына кедергісі 200 Па-дан аспауы тиіс, ал үлкен габаритті газға қарсы сүзгілерді қолданған кезде 280 Па-дан аспауы тиіс.
- Азаматтық газқағардың басқа түсетін жүктемені тудыратын массасы (бет бөлігі мен біріктірілген сүзгі есебінен) 1,1 кг-нан аспауы тиіс, ал үлкен габаритті газға қарсы сүзгілер үшін 1,4 кг-нан аспауы тиіс.
- Азаматтық газқағарда сөйлеудің түсініктілігі 80 % кем болмауы тиіс.
- Азаматтық газқағарды пайдалану кезінде деммен жұтылатын ауадағы көмірқышқыл газының көлемдік мөлшері орта есеппен 1 %-дан аспауы тиіс.
- Азаматтық газқағар булануға қарсы құралдармен жинақталуы мүмкін. Сыртқы ауаның теріс температурасы кезінде азаматтық газқағарда булануға қарсы құралдар ҚР СТ 3948–2023 талаптарына сәйкес екі сағат бойы көрінуді қамтамасыз етуі тиіс. Булануға қарсы химиялық қосылыстарды пайдалану кезінде, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес, олар пайдаланушының денсаулығына тітіркендіргіш немесе өзге де зиянды әсер етпеуі тиіс.
- Азаматтық газқағардың құрамдас бөліктері мен тораптары өзара алмастырылатын болуы тиіс. Қолданыстағы алынбалы элементтерді, оның жеке бөліктері мен тораптарын ауыстыру азаматтық газқағардың пайдалану құжаттамасына сәйкес қосымша құралдар мен жабдықтарды қолданбай жүргізілуі тиіс.

- Азаматтық газқағардың сөмкесінің конструкциясы оны ыңғайлы түрде жинауға және «дайын» күйден «жауынгерлік» күйге бөгде көмексіз ауыстыруға мүмкіндік беруі тиіс.
2) Әлеуетті өнім беруші ұсынатын азаматтық газқағардың бет бөлігіне қойылатын техникалық сипаттамалар ҚР СТ 3948–2023-тің 5.2-тармағының талаптарына сәйкес болуы тиіс, соның ішінде:
- Азаматтық газқағарлар 3-категориядан төмен емес маскалармен жинақталады, олардың құрамына маска корпусы, панорамалық әйнек, ішкі маска, дем алу және дем шығару клапандарының тораптары, сөйлесу мембранасы, басбау кіреді.
- Азаматтық газқағарлардың бет бөлігі герметикалық болуы тиіс, ол зиянды заттардың әсеріне төзімді, жоғары сапалы, серпімді, берік және ауа өткізбейтін резеңкеден жасалуы керек.
- Газқағардың бет бөлігінің оптикалық жүйесі оң температура жағдайында көру өткірлігінің кемінде 0,5 шартты бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.
- Бет бөлігінің массасы 600 г-нан аспауы тиіс.
- Бет бөлігінің көру өрісі кемінде 70 % болуы тиіс.
- Бет бөлігінің конструкциясы оны шлемдермен бірге қолдануға мүмкіндік беруі тиіс.
- Дем алу және дем шығару клапандарының құрылымы дем шығару клапандарының дем алу циклі кезінде немесе дем алу клапандарының дем шығару циклі кезінде жұмыс істеуін болдырмауы тиіс.
- Дем алу және дем шығару клапандарының құрылымы оларды қолдану мен қызмет көрсетудің қарапайым болуын, сондай-ақ дұрыс ауыстырылуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Сөйлесу мембранасы механикалық зақымданудан қорғалуы тиіс.
- Бекіту белдіктері және/немесе басбау масканы оңай киіп-шешуге мүмкіндік беретіндей етіп жасалуы тиіс, олар реттелетін болуы керек және бет бөлігін қажетті қалыпта сенімді әрі ыңғайлы бекітуді қамтамасыз етуі тиіс.
3) Әлеуетті жеткізуші ұсынатын азаматтық газ маскасының аралас сүзгісінің техникалық сипаттамалары ҚР СТ 3948-2023 5.3-тармағының талаптарына сәйкес келуі тиіс, оның ішінде:
- Азаматтық газқағардың маркасы сүзгінің маркасына сәйкес келуі тиіс.
- Динамикалық белсенділік:
Азаматтық газқағарлардың аралас сүзгісінің қорғаныш сипаттамаларын айқындайтын негізгі көрсеткіш динамикалық белсенділік болып табылатындықтан, азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілерінің динамикалық белсенділік мәндері келесі кестеге сәйкес келуі тиіс:

Заттың атауы	Көрсеткіштің нормативтік мәні Ауа ағынының шығыны 45 дм³/мин кезінде динамикалық белсенділік, г, кемінде
Аммиак	1,48
Ацетонитрил	0,18
Сутегі фториді	0,41
Сутегі цианиді	0,07
Диметиламин	0,79
Акрилонитрил	1,22
Күкірт диоксиді	0,32
Күкірт сутегі	1,26
Формальдегид	0,58
Фосген	0,12
Хлор	0,23
Хлорпикрин	0,10
Хлорциан	2,70
Циклогексан	7,35
Диметиловый эфирі	0,70
Декан, 0,05 мг/дм3	0,50

Ағынның сипаты: УЗ үшін – пульсациялық, КӘУЗ шін – тұрақты.
Талап етілетін қорғаныш қасиеттері:
Азаматтық газқағар газдардан, булардан және аэрозольдерден бір мезгілде қорғауға арналған газқағар сүзгісі (А, В, Е, К, SX маркалары) мен (жоғары тиімділікке ие Р3 типті) аэрозольге қарсы сүзгіден тұратын, құрама сүзгімен жабдықталуы тиіс және келесі заттардан тиімді қорғанысты қамтамасыз етуі тиіс:
• А маркалы (қоңыр түсті код) – қайнау температурасы 65°С-тан жоғары органикалық газдар мен булардан қорғауға арналған, мысалы ацетонитрил, акрилонитрил, циклогексан, хлорпикрин, формальдегид және т.б.;
• В маркалы (сұр түсті код) – көміртек оксидінен басқа бейорганикалық газдар мен булардан қорғауға арналған, мысалы циан сутегі, күкіртсутек, фосген, хлор, хлорциан және т.б.;
• Е маркалы (сары түсті код) – күкірт диоксиді және басқа қышқыл газдардан қорғауға арналған, мысалы күкірт диоксиді, фторлы сутек және т.б.;
• К маркалы (жасыл түсті код) – аммиак пен оның органикалық туындыларынан қорғауға арналған, мысалы аммиак, диметиламин және т.б.;

• SX маркалы (күлгін түсті код) – өндіруші белгілеген белгілі бір газдар мен булардан, соның ішінде улағыш заттардан (УЗ), көміртек тотығынан (CO) және т.б. қорғауға арналған;
• • аэрозольдерден (шаң, түтін, тұман), соның ішінде биологиялық аэрозольдер мен радиоактивті шаңнан (Р3 класы).
Бұл ретте, азаматтық газқағар тиімділік класы бойынша келесі қорғаныш сипаттамаларына ие болуы тиіс:
- Газдар мен буларды сүзу тиімділігі класы – ҚР СТ 3948-2023 және мемлекетаралық МЕМСТ 12.4.235-2019 стандартына сәйкес 1-ші сыныптан төмен болмауы тиіс, төменде көрсетілген комбинирленген сүзгі маркаларының үйлесімі мен бақылау заттары бойынша қорғаныш әрекет уақыты (ҚӘУ) кестесіне сәйкес;
- Аэрозольдерді сүзу тиімділігі класы – мемлекетаралық МЕМСТ 12.4.246-2016 стандартына сәйкес Р3 деңгейінен төмен болмауы тиіс;
Осылайша, азаматтық газқағардың құрама сүзгісі ұлттық стандарт ҚР СТ 3948-2023 және мемлекетаралық МЕМСТ 12.4.235-2019, МЕМСТ 12.4.246-2016 стандарттарына сәйкес А1, В1, Е1, К1, SX, Р3 маркаларынан кем емес үйлесімде болуы тиіс.
Бақылау заттары бойынша қорғаныш әрекет уақыты (мин), кемінде:
ҚР СТ 3948-2023 5.3.11-тармағына және МЕМСТ 12.4.235-2019-дың 5.9.1-тармағына сәйкес, А1, В1, Е1, К1, SX, Р3 маркаларынан кем емес үйлесімдегі азаматтық газқағардың құрама сүзгісі төменде көрсетілген сынақ-заттардың толық тізбегі бойынша келесі қорғаныш әрекет уақыты көрсеткіштеріне ие болуы тиіс:

Хлор	3,0 мг/дм³ концентрациясында кемінде 20 минут бойы
Аммиак	0,7 мг/дм³ концентрациясында кемінде 50 минут бойы
Күкірт сутегі	1,4 мг/дм³ концентрациясында кемінде 40 минут бойы
Күкірт диоксиді	2,7 мг/дм³ концентрациясында кемінде 20 минут бойы
Циклогексан	3,5 мг/дм³ концентрациясында кемінде 70 минут бойы
Сутегі цианиді	1,1 мг/дм³ концентрациясында кемінде 25 минут бойы
Көміртек тотығы	6,2 концентрациясында мг/дм³ кем емес 20 мин

Аралас сүзгінің пайдалану сипаттамалары:
Азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілерінің материалдары сақтау мерзімі ішінде және пайдалану барысында өз қасиеттерін сақтауы тиіс, сондай-ақ, олар қолданылатын жағдайлардың әсеріне төзімді болуы керек.
Сүзгі материалдары және ауа ағынымен сүзгіден шығатын газ тәрізді өнімдер, сондай-ақ, пайдалану кезінде бөлінетін заттар пайдаланушы үшін қауіпті және зиянды болмауы тиіс және оған жағымсыз сезім тудырмауы керек.
Азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілері қоршаған атмосфераның әсерінен қорғау үшін өнеркәсіптік тәсілмен герметикалануы тиіс, бұл ретте өнеркәсіптік жолмен дәнекерленген (жабылған) тігістердің бұзылуы оңай анықталатындай болуы қажет. Сонымен қатар, кіріс тесігіне арналған резеңкеден жасалған герметикалық қақпақ және шығыс тесігіне арналған бұрандалы герметикалық қақпақ болуы тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісі МЕМСТ 12.4.235 стандартына сәйкес 20 минут бойы механикалық әсерге төзімді болуы тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісі МЕМСТ 12.4.246 стандартына сәйкес температуралық әсерге төзімді болуы тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісінің массасы 500 г аспауы тиіс. Салмағы одан жоғары сүзгілер бетпердеге жалғастырғыш түтік арқылы қосылуы тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісі шаңдануға төзімді болуы тиіс.
Азаматтық газқағарда бірден көп сүзгі қолданылған жағдайда, ауа ағыны бөлінген кезде сүзгілердің толық жиынтығы осы стандарттың талаптарына сәйкес келуі тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісі арнайы құралдарды қолданбай-ақ оңай ауыстырылуы тиіс және сүзгінің конструкциясы бұған жол бермеген жағдайларды қоспағанда, қате құрастырудың алдын алу үшін таңбалануы тиіс.

7. Таңбалауға қойылатын талаптар
Газқағарларда олардың түпнұсқалығын анықтауға мүмкіндік беретін өзгеше таңбалауы болуы тиіс. Барлық жазулар анық және өшпейтін бояумен түсірілуі керек.
1) Азаматтық газқағардың бет бөлігінің таңбалануы ҚР СТ 3948-2023 7.1-тармағына сәйкес орындалуы тиіс, соның ішінде:
Азаматтық газқағарлар бет бөлігінің корпусы, басбауы, пластмасса және резеңке бөлшектері сияқты құраушы бөліктермен және бөлшектермен жиынтықталып, олардың барлығы бір күнтізбелік жылдың ішінде шығарылған және таңбаланған болуы тиіс.
Азаматтық газқағарлардың бет бөліктері мен оларға арналған жинақтаушы бөлшектердің таңбалануы бұйым сызбасының техникалық талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.
2) Азаматтық газқағардың бет бөлігінің құрамдас бөлшектеріндегі

таңбалаудың орналасу орны өндірушімен белгіленуі және нормативтік-техникалық құжаттарда егжей-тегжейлі көрсетілуі тиіс.
Азаматтық газқағардың аралас сүзгісінің таңбалануы ҚР СТ 3948-2023 7.2-тармағына сәйкес орындалуы тиіс, соның ішінде:
Улағыш заттардан (УЗ), радиоактивті заттардан (РЗ), биологиялық құралдардан (БҚ) және күшті әсер ететін улы заттардан (КӘУЗ) қорғауға арналған азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілерінің негізгі таңбалануы сүзгінің бетіне өшпейтін бояумен, мастикамен, көлемді бедерлеу арқылы немесе таңбаның сақтау мерзімі бойы және/немесе пайдалану кезінде сақталуын қамтамасыз ететін басқа тәсілмен түсірілуі тиіс. Таңбалауда аралас сүзгінің маркасы, партия нөмірі, жылы және нүктелермен шығарылған жылы көрсетілуі тиіс. Таңбалауды түсіру тәртібі нормативтік-техникалық құжаттарда толық сипатталуы қажет.
Қосымша таңбалау ретінде УЗ, РЗ және БҚ қорғаудан басқа, негізгі класстағы КӘУЗ қорғауға арналған азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілерінің бүйір бетіне алынуы қиын, суланбайтын түсті жапсырма жапсырылуы тиіс. Бұл жапсырмаға келесі ақпарат түсіріледі:
− аралас сүзгінің атауы;
− сүзгі класы Р1, Р2 немесе Р3;
− сүзгі маркалары А, В, Е, К, SX;
− сүзгі маркаларының түстік таңбалануы;
− өндірушінің тауарлық белгілері;
− аралас сүзгінің кепілді сақтау мерзімі;
− партия нөмірі;
− нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес қосымша мәліметтер мен пиктограммалар.
Азаматтық газқағарлардың аралас сүзгілерінің түбінде, резеңке тығынның астында көлемді таңбалау түрінде аралас сүзгінің жасалған жылын қосымша белгілеу жүргізілуі тиіс – яғни шығарылған жылдың соңғы екі сан көрсетіледі. Жыл сайын сандардан кейін жылды білдіретін нүкте қосуға рұқсат етіледі, бірақ мұндай нүктелердің саны 5-тен аспауы тиіс.
3) Азаматтық газқағарлардың қаптамасындағы таңбалау СТ РК 3948-2023 7.3-тармағына сәйкес орындалуы тиіс, соның ішінде:
Азаматтық газқағарлардың ең кіші қаптама бірлігі келесі деректерді қамтитын таңбалануға ие болуы тиіс:
− бұйымның атауы немесе шартты белгіленуі;
− партия нөмірі;
− қаптама бірлігінің нөмірі;
− қаптама бірлігіндегі азаматтық газқағарлар саны;
− дайындалған күні;
− кепілді сақтау мерзімінің аяқталу күні;
− «Сақтау температурасы» және «Сақтау кезіндегі ең жоғары ылғалдылық» пиктограммалары.
4) Көлік таңбалануы ҚР СТ 3948-2023 8-тармағына сәйкес МЕМСТ 14192 талаптарына сай болуы тиіс және келесі манипуляциялық белгілерді қамтуы керек: «Жоғары», «Ылғалдан қорғау», «Сынғыш. Абайлап ұстау».

8. Қаптамаға қойылатын талаптар
Қаптама. Тасымалдау және сақтау шарттары сақталған жағдайда қаптама азаматтық газқағарларды және олардың құрамдас бөліктерін тасымалдау кезінде және кепілді сақтау мерзімі ішінде пайда болатын сыртқы әсерлер нәтижесінде зақымданудан қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Қаптамаға қойылатын талаптар нормативтік-техникалық құжаттарда белгіленеді. Жеткізу зауыттық көлік қаптамасында (жәшік, ыдыс және т.б.) жүзеге асырылады, ол сақтау және тасымалдау кезінде бұйымдардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұйымдар пломбалануы тиіс.

9. Кепілдіктер

Жеткізуші азаматтық газқағардың ҚР СТ 3948-2023 талаптарына сәйкестігін кепілдейді.
Өндіруші белгілеген азаматтық газқағарлардың зауыттық қаптамадағы кепілді сақтау мерзімі азаматтық газқағарлар партиясын қабылдау күнінен бастап кемінде 12,5 жыл болуы тиіс.
Азаматтық газқағарлар кепілді сақтау мерзімі газқағардың кепілді сақтау мерзімінен қысқа қосымша керек-жарақтармен жиынтықталған жағдайда, өндіруші паспортта тиісті ақпаратты көрсетуі тиіс, ал пайдалану жөніндегі нұсқаулықта олардың кепілді сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін уақтылы ауыстырылу қажеттігі туралы нұсқау берілуі тиіс.

10. Дайындалу күніне қойылатын талаптар
Азаматтық газқағарлар 2025 жылдан ерте емес жасалуы тиіс.

ЖЕТКІЗУШІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ШАРТТАР
оны жеңімпаз деп тану және онымен мемлекеттік сатып алу туралы

	шарт жасалған жағдайда Контрафактілік өнімнің, яғни Қазақстан Республикасында осы өнім түріне қатысты қабылданған нормативтік-техникалық құжаттамаға (техникалық регламенттер мен стандарттарға) сәйкес келмейтін өнімнің жеткізілуіне жол бермеу мақсатында, жеткізуші жеткізу сәтінде тапсырыс берушіге келесі құжаттарды ұсынуға міндеттенеді: - Егер тауар міндетті сертификаттауға жатса және міндетті сертификаттауға жататын өнімдердің бірыңғай тізбесіне кірсе, сәйкестік сертификатының түпнұсқасы немесе осындай сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; - Өндіруші зауыттың пайдалану жөніндегі нұсқаулығы (әр жәшікке бір данадан); - Тауардың әрбір жеке партиясы бойынша, зертханалық сынақтарды жүргізу саласында аккредиттелген/аттестатталған ұйымның оң нәтижелері бар сынақ хаттамаларының түпнұсқалары (тапсырыс берушіге жеткізілген партиядан үлгі алу және зертханалық зерттеулер жүргізу күнінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде ұсынылады); - Тауар партиясына арналған паспорт (формуляр), онда жеткізілім жиынтығы, негізгі сипаттамалар, қабылдау туралы куәлік, азаматтық газқағардың техникалық шарттарға сәйкестігі және олардың мақсаты бойынша пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды (сынақ нәтижелері), кепілдік міндеттемелер және өзге де ақпарат көрсетілуі тиіс; ол өндіруші зауытының мөрімен және өндіруші елдің заңнамасында көзделген жағдайларда әскери өкілдіктің растауымен куәландырылуы керек – әр жеткізілетін партияға кемінде 1 дана немесе осындай паспорттың/ формулярдың нотариалды куәландырылған көшірмесі. - Газқағар мен оның құрамдас бөліктерін дайындауда қолданылатын шикізат пен материалдардың қолданыстағы заңнамаға сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар немесе олардың нотариалды куәландырылған көшірмелері. Өндірушіден жеткізу құқығын растайтын құжат (егер жеткізуші өндіруші болып табылмаса). Егер жеткізуші қазақстандық тауар өндіруші (ҚТӨ) болып табылса және сатып алуды ҚТӨ басым құқығы негізінде жеңіп алса, ол өтінім берілген күні өзекті болып табылатын ҚТӨ тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуға міндетті. Бұл құжат ҚТӨ мәртебесін растау үшін қажет. Аталған талап тек ҚТӨ басымдығы негізінде жеңіске жеткен қатысушыға ғана қолданылады. Бұл жағдайда үзінді көшірменің болмауы өтінімді қабылдамауға негіз болып табылады. Жеткізу бойынша талаптар: Жеткізілетін азаматтық газқағарлар жаңа болуы тиіс (пайдаланылмаған, жөндеуде болмаған, оның ішінде қалпына келтірілмеген, құрамдас бөліктері ауыстырылмаған және тұтынушылық қасиеттері қалпына келтірілмеген бұйымдар). Контрафактілік өнімді болдырмау мақсатында, азаматтық газқағарлар партиясын жеткізу кезінде, (жеткізушінің есебінен) тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын бұзушы әдіспен (іріктемелі) зертханалық сынақтан өткізу үшін кемінде 1 қосымша газқағар жиынтығын қарастыру қажет. Ұсынылған газқағар Қазақстан Республикасында қабылданған техникалық регламенттер мен стандарттардың талаптарына сәйкес келмейтіні расталған жағдайда, партия шарт талаптарына сәйкес келмейді деп танылады және жеткізушінің есебінен ауыстырылуға жатады. Газқағарларды жеткізбес бұрын, эталон-үлгі Тапсырыс берушімен келісуі тиіс. Газқағарларды қабылдау шартта көзделген мерзімдерге сәйкес, тек бекітілген эталон-үлгі бойынша қатаң түрде жүзеге асырылады. Жеткізуші өз күшімен және қаражатымен, өз жабдығы мен материалдарын пайдалана отырып, тауарды тағайындалған пунктке дейін жеткізуді, түсіруді және қоймаға орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті. Тағайындалған пункт: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен, Қазақстан, 59/1Жеткізу мерзімі: шартқа сәйкес.

Приложение 2
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых товаров к конкурсной документации

Номер закупки:	№ 17986049-1
Наименование закупки:	Приобретение противогазов в соответствии с техническими характеристиками
Номер лота:	№ 88582438-ОИЗ
Наименование лота:	Противогаз
Описание лота:	фильтрующий
Дополнительное описание лота:	Противогаз гражданский
Количество:	6
Единица измерения:	Штука
Места поставки:	631010000, Восточно-Казахстанская область, г.Усть-Каменогорск
Срок поставки:	в течении 15 календарных дней после подписания договора
Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики закупаемых товаров:	Техническая спецификация на гражданские фильтрующие противогазы I. Функциональные характеристики Назначение гражданского фильтруюшего противогаза Противогаз гражданский фильтрующий – фильтрующее средство защиты органов дыхания, лица и глаз гражданского взрослого населения от отравляющих веществ, бактериологических (биологических) средств, радиоактивных веществ, находящихся в воздухе в виде газов, паров и аэрозолей, а также от сильнодействующих ядовитых веществ, последствий чрезвычайных ситуаций, которые обусловлены техногенными авариями и катастрофами, террористическими актами, применением оружия массового поражения мирного и военного времени. Гражданские противогазы используются для проведения первоочередных/ эвакуационных мероприятий населения из районов химического и биологического заражения и радиоактивного загрязнения. 2. Условия применения гражданского противогаза Гражданский противогаз должен применяться во всех климатических поясах в интервале температур воздуха от минус 40 °С до плюс 40 °С, относительной влажности воздуха не более 98 % при объемной доле кислорода в окружающей атмосфере не менее 17 %. 3. Соответствие требованиям стандартов (Нормативные ссылки) - СТ РК 3948-2023 Средства индивидуальной защиты органов дыхания. Противогазы гражданские фильтрующие. Общие технические требования (содержит технические требования) (в СТ РК 3948-2000 заменен согласно Примечания к графе 2 «Нормативные ссылки» на СТ РК 3948-2023, т.к. имеется опечатка); - ГОСТ 12.4.235-2019 Система стандартов безопасности труда. Средства индивидуальной защиты органов дыхания. Фильтры противогазовые и комбинированные. Общие технические требования. Методы испытаний. Маркировка (содержит требования к фильтрам противогазов); - ГОСТ 12.4.246-2016 Система стандартов безопасности труда. Средства индивидуальной защиты органов дыхания. Фильтры противоаэрозольные. Общие технические условия. (определяет класс эффективности фильтрации аэрозолей); - ГОСТ 8762-75 Резьба круглая диаметром 40 мм для противогазов и калибры к ней. Основные размеры (определяет техническую характеристику резьбового соединения маски с фильтром); 4. В целях подтверждения опыта работы потенциального поставщика в области поставок закупаемых товаров, а также недопущения поставки контрафактной продукции, необходимо предоставление документов, подтверждающих соответствие поставляемых товаров требованиям, установленным техническими регламентами, положениями стандартов или иными документами в соответствии с законодательством Республики Казахстан, для чего потенциальный поставщик должен приложить к конкурсной заявке следующие документы: В соответствие с Законом Республики Казахстан "О государственных закупках" и с применением изъятия из национального режима,

установленного постановлением Правительства Республики Казахстан, участник закупки обязан в составе конкурсной заявки предоставить выписку из реестра товаропроизводителей с портала e-Ondiris и подтвердить статус отечественного производителя
- Сертификат соответствия, если товар подлежит обязательной сертификации и числится в едином перечне продукции, подлежащей обязательной сертификации либо нотариально засвидетельствованную копию такого Сертификата;
- Положительное заключение от организации, аккредитованной/ аттестованной в области проведения лабораторных испытаний средств индивидуальной защиты, выданное не ранее 2025 года;
- Действующие патенты, свидетельства, сертификаты, другие документы, подтверждающие право потенциального поставщика на производство, переработку, поставку и реализацию закупаемых товаров либо их нотариально засвидетельствованные копии.
- Документы, подтверждающие соответствие сырья и материалов, применяемые для изготовления гражданского противогаза и его составных частей санитарно-эпидемиологическим требованиям действующего законодательства либо их нотариально засвидетельствованной копии.
Все перечисленные документы должны быть в оригинале или в виде нотариально засвидетельствованных копии.

5. Комплектность гражданского противогаза

В комплект гражданского противогаза должны входить следующие комплектующие:
− лицевая часть в сборе не менее 1 штуки на противогаз;
− фильтр комбинированный (ФПК) не менее 1 штуки на противогаз;
− сумка для хранения и ношения гражданского противогаза не менее 1 штуки на противогаз;
− средства снижения запотевания очковых стекол с принадлежностями в соответствии с п.п. 5.1.13 СТ РК 3948-2023 не менее 1 комплекта на противогаз (панорамные маски не комплектуются);
− инструкция по эксплуатации не менее 1 штуки на каждое тарное место;
− паспорт не менее 1 штуки на партию или часть партии;
− вкладыш - вставка в маску, предотвращающая деформацию резины лицевой части в процессе длительного хранения. Панорамные маски вкладышем не комплектуются.
II. Общие технические требования
6. Требования к гражданскому противогазу

1) Технические характеристики предлагаемого потенциальным поставщиком гражданского противогаза должно соответствовать требованиям п.5.1 СТ РК 3948-2023, в том числе:
- Гражданский противогаз должен комплектоваться лицевой частью и комбинированным фильтром, предусматривающим их взаимное соединение. Резьбовые соединения всех комплектующих гражданских противогазов должны иметь один типоразмер, выполненный по ГОСТ 8762 или по ГОСТ 12.4.235 (подпункт 5.3.2), т.е. резьба круглая номинальным диаметром 40 мм и шагом 4 мм (данным межгосударственным стандартом установлено точные параметры резьбового соединения). Не допускается использование для комплектации гражданского противогаза масок и фильтров или масок и фильтров с соединительными трубками с различной резьбой.
- Все комплектующие гражданских противогазов должны изготавливаться из материалов стойких к воздействию ОВ, СДЯВ, дегазирующих веществ, а также дезинфицирующих и моющих средств, рекомендованных разработчиком или изготовителем.
- Сопротивление воздушному потоку при объемном расходе ⟦30дм⟧^3/мин должна быть не более 200 Па и не более 280 Па при использовании противогазовых фильтров большого габарита.
- Масса гражданского противогаза, создающая нагрузку на голову, обусловленная лицевой частью и комбинированным фильтром, должна быть не более 1,1 кг и не более 1,4 кг для противогазовых фильтров большого габарита.
- Разборчивость речи в гражданском противогазе должна быть не менее 80 %.
- Объемное содержание диоксида углерода во вдыхаемом воздухе при эксплуатации гражданского противогаза в среднем не должно быть более 1 % по объему.
- Гражданский противогаз может комплектоваться средствами борьбы с запотеванием. Средства борьбы с запотеванием в гражданском противогазе при отрицательной температуре наружного воздуха должны обеспечивать видимость в СТ РК 3948–2023 в течение двух часов. При использовании химических соединений против запотевания, в соответствии с указаниями по эксплуатации, они не должны оказывать раздражающего или иного вредного воздействия на здоровье пользователя.

- Составные части и узлы гражданского противогаза должны быть взаимозаменяемыми. Замена имеющихся съемных элементов, отдельных его частей и узлов должна проводиться в соответствии с эксплуатационной документацией на гражданский противогаз без применения дополнительных инструментов и приспособлений
- Конструкция сумки гражданского противогаза должна позволять его удобную упаковку и возможность перевода из положения «наготове» в «боевое» положение без посторонней помощи.
2) Технические характеристики к лицевой части предлагаемого потенциальным поставщиком гражданского противогаза должно соответствовать требованиям п.5.2 СТ РК 3948-2023, в том числе:
- Гражданские противогазы комплектуются масками не ниже категории 3, включающая корпус маски, панорамный экран, подмасочник, узлы клапанов вдоха и выдоха, переговорную мембрану, оголовье.
- Лицевые части гражданских противогазов должны быть герметичны, изготовлен из высококачественной, эластичной, высокопрочной и герметичной резины, устойчивой к воздействию вредных веществ.
- Оптическая система лицевой части должна обеспечивать не менее 0,5 условных единиц остроты зрения при положительной температуре.
- Масса лицевой части должна быть не более 600 г.
- Площадь поля зрения лицевой части должна быть не менее 70 %.
- Конструкция лицевой части должна обеспечивать возможность ее использования в комплексах со шлемами.
- Конструкция клапанов вдоха и выдоха должна исключать функционирование клапанов выдоха в цикле вдоха или клапанов вдоха в цикле выдоха.
- Конструкция клапанов вдоха и выдоха должна обеспечивать простоту в обращении и обслуживании, а также их правильную замену.
- Переговорная мембрана должна быть защищена от механических повреждений.
- Ремни крепления и/или оголовье должны быть сконструированы таким образом, чтобы маску можно было легко снимать и надевать, они должны регулироваться, обеспечивая надежную и комфортную фиксацию лицевой части в нужном положении.
3) Технические характеристики к комбинированному фильтру предлагаемого потенциальным поставщиком гражданского противогаза должно соответствовать требованиям п.5.3 СТ РК 3948-2023, в том числе:
- Марка гражданского противогаза должна соответствовать марке фильтра.
- Динамическая активность:
Учитывая, что основным показателем, определяющим защитные характеристики комбинированного фильтра гражданских противогазов, является динамическая активность комбинированного фильтра, значения динамической активности комбинированных фильтров гражданских противогазов должно соответствовать следующей таблице:

Наименование вещества Нормативное значение показателя
Динамическая активность при расходе воздушного потока 45 дм3/мин, г, не менее
Аммиак 1,48
Ацетонитрил 0,18
Водород фтористый 0,41
Водород цианистый 0,07
Диметиламин 0,79
Акрилонитрил 1,22
Наименование вещества Нормативное значение показателя
Диоксид серы 0,32
Сероводород 1,26
Формальдегид 0,58
Фосген 0,12
Хлор 0,23
Хлорпикрин 0,10
Хлорциан 2,70
Циклогексан 7,35
Диметиловый эфир 0,70
Декан, 0,05 мг/дм3 0,50
Характер потока: для ОВ – пульсирующий, для СДЯВ – постоянный.

Требуемые защитные свойства:
Гражданский противогаз должен быть укомплектован комбинированным фильтром, т.е., в соответствии с терминологией СТ РК 3948-2023, фильтром СИЗОД, предназначенный для одновременной защиты от газов, паров и аэрозолей, который должен состоять из противогазового фильтра (марок А, В, Е, К, SX,) и противоаэрозольного фильтра (Р3 – фильтр высокой эффективности) и обеспечивать эффективную защиту от:
марки А (цветной код коричневый) - для защиты от органических газов и паров с температурой кипения свыше 65°С, таких как ацетонитрил,

акрилонитрил, циклогексан, хлорпикрин, формальдегид и т.д.;
марки В (цветной код серый) - для защиты от неорганических газов и паров, за исключением оксида углерода, таких как водород цианистый, сероводород, фосген, хлор, хлорциан и т.д.;
марки Е (цветной код желтый) - для защиты от диоксида серы и других кислых газов, таких как диоксид серы, водород фтористый и т.д.;
марки К (цветной код зеленый) - для защиты от аммиака и его органических производных, таких как аммиак, диметиламин и т.д.;
марки SX (цветной код фиолетовый) - для защиты от определенных газов и паров, установленных изготовителем, в том числе от ОВ, моноксида углерода СО и т.п.;
аэрозолей (пыль, дым, туман), включая биологические аэрозоли и радиоактивную пыль (класс Р3).
При этом, гражданский противогаз должен иметь следующие защитные характеристики по классу эффективности:
- Класс эффективности фильтрации газов и паров – не ниже 1-го по СТ РК 3948-2023 и межгосударственному стандарту ГОСТ 12.4.235-2019, согласно ниже приведенного сочетания марок комбинированного фильтра и таблице времени защитного действия (ВЗД) по контрольному веществу;
- Класс эффективности фильтрации аэрозолей - не ниже Р3 по межгосударственному стандарту ГОСТ 12.4.246-2016;
тем самым, должен иметь сочетание марок комбинированного фильтра не менее А1, В1, Е1, К1, SX, Р3 в соответствии с национальным стандартом СТ РК 3948-2023 и межгосударственных стандартов ГОСТ 12.4.235-2019, ГОСТ 12.4.246-2016.

Время защитного действия по контрольному веществу, мин, не менее:
В соответствии с п.п. 5.3.11 СТ РК 3948-2023, 5.9.1 ГОСТ 12.4.235-2019 комбинированный фильтр сочетанием марок не менее А1, В1, Е1, К1, SX, Р3 гражданского противогаза должен иметь следующие показатели времени защитного действия по указанному исчерпывающему перечню тест-веществ:

Хлор при концентрации 3,0 мг/дм³ не менее 20 мин
Аммиак при концентрации 0,7 мг/дм³ не менее 50 мин
Сероводород при концентрации 1,4 мг/дм³ не менее 40 мин
Диоксид серы при концентрации 2,7 мг/дм³ не менее 20 мин
Циклогексан при концентрации 3,5 мг/дм³ не менее 70 мин
Циановодород при концентрации 1,1 мг/дм³ не менее 25 мин
Монооксид углерода при концентрации 6,2 мг/дм³ не менее 20 мин

Эксплуатационные характеристики комбинированного фильтра:
Материалы комбинированных фильтров гражданских противогазов должны сохранять свои свойства в процессе хранения и эксплуатации в течение срока годности, а также должны быть устойчивы к воздействию условий, в которых они эксплуатируются.
Материалы фильтра и газообразные продукты, выносимые потоком воздуха из фильтра и при эксплуатации, не должны быть опасными и вредными для пользователя и не должны вызывать у него неприятные ощущения.
Комбинированные фильтры гражданских противогазов должны быть загерметизированы промышленным способом для защиты от влияния окружающей атмосферы таким образом, чтобы нарушение запаянных промышленным способом швов могло быть легко обнаружено. Должны иметь резиновую герметизирующую крышку входного отверстия и резьбовую герметизирующую крышку выходного отверстия.
Комбинированный фильтр гражданского противогаза должен быть устойчив к механическому воздействию по ГОСТ 12.4.235 в течение 20 мин.
Комбинированный фильтр гражданского противогаза должен быть устойчив к температурному воздействию по ГОСТ 12.4.246.
Масса комбинированного фильтра гражданского противогаза должна быть не более 500 г. Фильтры большей массы должны присоединяться к маске с помощью соединительной трубки.
Комбинированный фильтр гражданского противогаза должен быть устойчив к запылению.
В случае использования в гражданском противогазе более одного фильтра при распределении воздушного потока весь комплект фильтров должен отвечать требованиям настоящего стандарта.
Комбинированный фильтр гражданского противогаза должен легко заменяться без использования специальных инструментов и должен быть маркирован во избежание неправильной сборки, если это не исключено конструкцией фильтра.

7. Требования к маркировке

Противогазы должны иметь отличительную маркировку, которая позволяет определить их подлинность. Все надписи должны быть четкими и

нанесенными несмываемой краской.
1) Маркировка лицевой части гражданского противогаза должно быть нанесено в соответствии с п.7.1 СТ РК 3948-2023, в том числе:
Гражданские противогазы должны комплектоваться составными частями и деталями: корпус лицевой части, оголовья, пластмассовые и резиновые детали, имеющие маркировку, выпущенными в течение одного календарного года.
Маркировка лицевых частей гражданских противогазов и комплектующих деталей к ним должна производиться согласно техническим требованиям чертежа изделия.
Место нанесения маркировки на составных деталях лицевой части гражданского противогаза должно устанавливаться производителем и подробно указываться в нормативных технических документах.
2) Маркировка комбинированного фильтра гражданского противогаза должно быть нанесено в соответствии с п.7.2 СТ РК 3948-2023, в том числе:
Основная маркировка комбинированных фильтров гражданских противогазов, предназначенных для защиты от ОВ, РВ, БС и СДЯВ основных классов, должно наноситься на поверхности фильтра несмываемой краской, мастикой, объёмным теснением или другим способом, обеспечивающим сохранность маркировки в течение всего времени хранения и/или эксплуатации гражданского противогаза. В маркировке должно указываться марка комбинированного фильтра, номер партии, года и точками год изготовления, порядок нанесения маркировки должно подробно описываться в нормативных технических документах.
В качестве дополнительной маркировки на боковую поверхность комбинированных фильтров гражданских противогазов, предназначенных кроме защиты от ОВ, РВ и БС, для защиты от СДЯВ основных классов, должно наклеиваться трудноудаляемая, не размокаемая цветная этикетка, на которую наносится следующая информация:
− наименование комбинированного фильтра;
− класс фильтра Р1, Р2 или Р3;
− марки фильтра А, В, Е, К, SX;
− цветовая маркировка марок фильтра;
− товарные знаки изготовителя;
− гарантийный срок хранения комбинированного фильтра;
− номер партии;
− дополнительные сведения и пиктограммы в соответствии с нормативными техническими документами.
На дне комбинированных фильтров гражданских противогазов под резиновой пробкой в виде объемной маркировки должно наноситься дополнительная маркировка года изготовления комбинированного фильтра – две последние цифры года изготовления. Допускается ежегодно после цифр добавлять точку, обозначающую год, но не более 5 точек.
3) Маркировка на упаковке гражданских противогазов должно быть нанесено в соответствии с п.7.3 СТ РК 3948-2023, в том числе:
Наименьшая упаковочная единица гражданских противогазов должна иметь маркировку, содержащую следующие данные:
− наименование или условное обозначение изделия;
− номер партии;
− номер упаковочной единицы;
− количество гражданских противогазов в упаковочной единице;
− дата изготовления;
− дата истечения гарантийного срока хранения;
− пиктограммы «Температура хранения» и «Максимальная влажность при хранении».
4) Транспортная маркировка, в соответствии с п. 8 СТ РК 3948-2023, должна отвечать требованиям ГОСТ 14192 и содержать манипуляционные знаки: «Верх», «Беречь от влаги», «Хрупкое. Осторожно».

8. Требования к упаковке

Упаковка. При соблюдении условий транспортирования и хранения упаковка должна обеспечивать защиту гражданских противогазов и их составных частей от повреждений в результате внешних воздействий, возникающих в процессе транспортировки и при хранении в течение гарантийного срока. Требования к упаковке устанавливаются в нормативных технических документах.
Поставка осуществляется в заводской транспортной упаковке (ящик, тара, и тд), обеспечивающей сохранность при хранении и транспортировке. Изделия должны быть опломбированы.
9. Гарантии

Поставщик гарантирует соответствие гражданского противогаза требованиям СТ РК 3948-2023.
Устанавливаемый изготовителем гарантийный срок хранения гражданских

противогазов в заводской упаковке должен быть не менее 12,5 лет с даты приемки партии гражданских противогазов.
При комплектации гражданских противогазов дополнительными принадлежностями, имеющими гарантийные сроки хранения менее гарантийного срока хранения гражданского противогаза, изготовитель должен в паспорте представить соответствующую информацию, а в инструкции по эксплуатации – указание о необходимости их своевременной замены по истечении их гарантийных сроков хранения.

10. Требования к дате изготовления

Гражданские противогазы должны быть изготовлены не ранее 2025 года.

УСЛОВИЯ К ПОСТАВЩИКУ
в случае определения его победителем и заключения с ним договора о государственных закупках

В целях недопущения контрафактной продукции, не соответствующей требованиям нормативно-технической документации, т.е. технических регламентов и стандартов, принятыми в Республике Казахстан на данный вид продукции, поставщик обязуется представить заказчику на момент поставки следующие документы:
- Оригинал сертификата соответствия, если товар подлежит обязательной сертификации и числится в едином перечне продукции, подлежащей обязательной сертификации либо нотариально засвидетельствованную копию такого сертификата;
- Руководство по эксплуатации от завода-изготовителя (на каждый ящик);
- Оригиналы протоколов испытаний с положительными результатами от организации, аккредитованной/аттестованной в области проведения лабораторных испытаний средств индивидуальной защиты на каждую отдельную партию товара (предоставляется в течении 15 календарных дней с даты отбора образца и проведения лабораторных исследований из партии товара, поставленной в адрес Заказчика);
- Паспорт (формуляр) на партию товара, в котором должны указываться комплект поставки, основные характеристики, свидетельство о приемке, заключение о соответствии гражданского противогаза требованиям технических условий и годности их для использования по назначению (результаты испытаний), гарантийные обязательства и другая информация, заверенная печатью завода-изготовителя и военным представительством в случае, предусмотренном законодательством государством завода-изготовителя – не менее 1 штуки на каждую поставляемую партию, либо нотариально засвидетельствованную копию такого паспорта/формуляра.
- Документы, подтверждающие соответствие сырья и материалов, применяемые для изготовления противогаза и его составных частей санитарно-эпидемиологическим требованиям действующего законодательства либо их нотариально засвидетельствованные копии.
Документ от производителя, подтверждающий право поставки (если поставщик не является производителем). В случае, если поставщик является казахстанским товаропроизводителем (КТП) и выигрывает закупку на основании приоритетного права КТП, он обязан предоставить выписку из реестра казахстанских товаропроизводителей, действующую на дату подачи заявки для подтверждения статуса КТП. Данное требование применяется только к победителю закупки, выигравшему на основании приоритета КТП. Отсутствие выписки в этом случае является основанием для отклонения заявки.

Требования по поставке:

Поставляемые гражданские противогазы должны быть новыми (товар, который не был в употреблении, в ремонте, в том числе который не был восстановлен, у которого не была осуществлена замена составных частей, не были восстановлены потребительские свойства).
В целях исключения контрафактной продукции, при поставке партии гражданских противогазов предусмотреть дополнительно не менее 1 комплекта противогаза для проведения (выборочного) лабораторного испытания СИЗОД разрушающим методом (за счет поставщика).
В случае подтверждения несоответствия представленного противогаза требованиям технических регламентов и стандартов, принятыми в Республике Казахстан, партия признается не соответствующей условиям договора и подлежит замене поставщиком за его счет.
Перед поставкой противогазов, образец-эталон согласовывается с Заказчиком. Приемка противогазов будет производится строго по утвержденному образцу-эталону в соответствии со сроками, предусмотренными договором.
Поставщик обязуется собственными силами и средствами, с использованием своего оборудования и материалов обеспечить доставку товара до пункта

	назначения, разгрузку и складирование в пункте назначения. Пункт назначения: Восточно-Казахстанская область, г.Усть-Каменогорск, Казахстан, 59/1 Срок поставки: согласно договора.